Бөлім:	Конституция негіздері	
Педагогтің аты-жөні:	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	23.10.2026 (5L) 21.10.2026 (5C) 16.10.2026 (5K) 13.10.2026 (5E) 20.10.2026 (5H) 14.10.2026 (5B) 19.10.2026 (5D)	
Сынып: 5 A,B,C,D,E,H,K,L	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Мен – білім алу құқығымды қалай жүзеге асырамын?** Зерттеу сұрағы: Білім алу құқығымды күнделікті өмірде қалай жүзеге асырамын?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Білім алушының білім алу құқығының мәнін, оны жүзеге асыру жолдарын және Конституциядағы кепілдіктерді түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты	Білім алу құқығының мәнін түсіндіреді; Конституцияда берілген кепілдіктерді атайды; өмірлік жағдаяттарда білім алу құқығының сақталуы немесе бұзылуын анықтап, шешу жолдарын ұсынады.	
Құндылықтар	Еңбеккорлық, жауапкершілік, құрмет, ынтымақ, патриотизм.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру 5 минут	Оқушылармен амандасады, сабаққа дайындығын тексереді. Сабақ тақырыбын таныстырады. Қызығушылықты ояту үшін сұрақтар қояды: • Білім алу құқығы дегеніміз не? • Бұл құқық адамға не үшін қажет? • Білім алу құқығын қалай жүзеге асырамыз?	Сабаққа дайындалады. Сұрақтарға өз білімдері мен тәжірибесіне сүйеніп жауап береді, ойларын ортаға салады.	ҚБ: мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдап, ауызша мадақтайды.	Оқу материалы
Жаңа білім 8 минут	Оқу материалын пайдаланып жаңа тақырыпты түсіндіреді: • білім алу құқығы – сапалы білім алуға, қабілетті дамытуға және болашақ мамандығын таңдауға мүмкіндік; • Конституцияның «Адам және азамат» тарауындағы 31-бапта білім алу құқығына кепілдік берілетіні; • тегін орта білім, кейінгі және жоғары білімге қолжетімділік, міндетті бастауыш білімнің қолжетімділігі мен теңдігі; • құқықты жүзеге асыру жолдары: мектепке бару, үй тапсырмасын орындау, үйірмелерге қатысу, кітап оқу, іздену, білімді өмірде қолдану және өз құқығын қорғау. Материалдағы «Білім алу құқығы болмаса не болар еді?» сұрағын талқылатады.	Жаңа ақпаратты тыңдайды. Негізгі ұғымдарды анықтайды, Конституциядағы кепілдіктерді атайды. Білім алу құқығын жүзеге асыру жолдарына мысал келтіреді.	ҚБ: сұрақ-жауап арқылы тексеру. Дескриптор: 1. Білім алу құқығының мәнін түсіндіреді. 2. Конституциядағы негізгі кепілдіктерді атайды.	Оқу материалы
Тапсырма №1 8 минут	Жеке/жұптық жұмыс. Жұмыс парағындағы «Жағдаяттармен жұмыс» тапсырмасын береді. Оқушылар 5 жағдаятты оқып, білім алу құқығы сақталғанын немесе бұзылғанын анықтайды және шешім ұсынады: 1) интернеттің болмауы; 2) мектепте пандустың болмауы; 3) қосымша ақша талап ету;	Жағдаяттарды талдайды. Құқықтың сақталуы немесе бұзылуын анықтайды. Мәселені кімнің көмегімен және қалай шешуге	Дескриптор: 1. Жағдаяттағы мәселені анықтайды. 2. Білім алу құқығының сақталуын/бұзылуын ажыратады. 3. Шешу жолын ұсынады.	Жұмыс парағы

	4) жұмысқа байланысты мектепке жиі бара алмау; 5) онлайн курс арқылы жаңа нәрсе үйрену.	болатынын жазады.		
Тапсырма №2 **7 минут**	Жеке жұмыс. «Құқығымды қалай жүзеге асырамын?» тапсырмасын орындатады. Суреттерге қарап берілген сөздерді тиісті орындарға жазуды ұсынады: «оқимын», «сұраймын», «үйренемін», «қатысамын», «ізденемін».	Суреттерді талдап, бос орындарға тиісті сөздерді жазады. Өзінің білім алу құқығын қалай жүзеге асыратынын түсіндіреді.	Дескриптор: 1. Суреттерді мағынасына сай сәйкестендіреді. 2. 5 әрекетті дұрыс жазады. 3. Өз әрекетіне қысқаша мысал келтіреді.	Жұмыс парағы
Тапсырма №3 **6 минут**	Жұптық жұмыс. «Құндылықтармен жұмыс» тапсырмасын береді. Еңбеккорлық, жауапкершілік, құрмет, ынтымақ, патриотизм құндылықтарын күнделікті өмірде қалай көрсететінін мысалмен жазуды сұрайды.	Құндылықтардың мағынасын талқылайды. Әр құндылыққа білім алу және мектеп өмірімен байланысты мысал жазады.	Дескриптор: 1. Құндылықтарды дұрыс түсіндіреді. 2. Кемінде 3 құндылыққа нақты мысал келтіреді.	Жұмыс парағы, оқу материалы
Тапсырма №4 **5 минут**	Жеке жұмыс. «Өзіңді тексер!» тапсырмасын орындатады. Сөйлемдерді мағынасына сай толықтыруды ұсынады: • Білім алу құқығын Конституцияның қай бабы қамтамасыз етеді? • Сапалы білім алу үшін не істеу керек? • Құқық бұзылса, кімге жүгінуге болады? • Білім адамға не береді?	Сөйлемдерді толықтырады. Өз жауабын оқу материалымен салыстырып тексереді.	Дескриптор: 1. Конституция бабын көрсетеді. 2. Білім алу үшін қажет әрекеттерді атайды. 3. Құқықты қорғау жолын жазады. 4. Білімнің маңызын түсіндіреді.	Жұмыс парағы
Бекіту **6 минут**	«Таңда және іс-жоспар құр!» тапсырмасын береді. Оқушы бір мақсатты таңдайды: «Жақсы оқушы болу», «Қызығатын мамандықты игеру» немесе «Шетел тілін меңгеру». Мақсатқа жетудің 3 қадамын жазуды тапсырады. Соңында: «Білім алу құқығыңды қалай дұрыс пайдаланасың?» деген сұрақпен сабақты қорытындылайды.	Бір мақсатты таңдап, оған жетудің 3 нақты қадамын жазады. Қорытынды сұраққа жауап береді.	Дескриптор: 1. Мақсатын анықтайды. 2. Мақсатқа жетудің 3 нақты қадамын құрады. 3. Білім алу құқығын жүзеге асырумен байланыстырады.	Жұмыс парағы